

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  А. Садиров



«Келісемін»

МДТДЖО:  А. Тулебаева

29.08.2025 г.

«№94 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы

(мектеп №, білім беру ұйымының атауы, елді-мекен, аудан/қала атауы)

**2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагог
Тәке Бақытгүл Тұрғанбайқызының
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Мектептің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

- Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;
- «Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;
- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Жылдық жоспар Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	«Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен берілетін бір реттік бөлінетін қаражатты аз қамтылған, әлеуметтік санаттағы оқушыларға материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру бағытымен оларды есепке алу, тізімін жасақтау	Тамыз	А. Тулебаева-МДТІЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер Қамқоршылық кеңес мүшелері	Тізім
2	2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтің жоспарын талдау, бекіту	Тамыз	Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Жоспар
3	Әлеуметтік педагогтің іс- қағаздары және нормативтік құқықтық актілермен жұмыс	Тамыз	Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Мәлімет
4	Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Ж. Байқазақ-Кітапханаш 1-11 сынып жетекшілер	Мәлімет
5	Мектеп асханасынан ЖББҚ, арендатор есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау және тізімін жасау	Тамыз	А. Тулебаева-ДТІЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Тізім
6	Мектептің әлеуметтік паспортын құру	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Паспорт
7	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау	Қыркүйек Қаңтар	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
8	Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
9	Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар тізімі	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Тізім
10	Көп балалы отбасы балалар тізімі	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Тізім

11	Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын және ЕББҚ ететін оқушылар тізімі	Қыркүйек	Б.Тәке-Әлеумет педагог Г. Алпысбай-Дефектолог	Тізім
12	Қолайсыз отбасындағы оқушылар тізімі. Өгей әкемен ұл бала, қыз бала тізімі. Өгей анамен ұл бала, қыз бала тізімі	Қыркүйек	Б. Тәке -Әлеумет.педагог Сынып жетекшілер	Тізім
13	Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының тізімі	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Тізім
14	Толық емес отбасындағы оқушылар тізімі	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Тізім
15	ЮПТБ-есепте тұратын оқушылар тізімі. Мектепшілік есепте тұратын оқушылар тізімі	Қыркүйек	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Тізім
16	Білім бөлімінің бас мамандарына тізімдерді тапсыру	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Мәлімет
17	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге не оқушылардың жеке іс-қағаздарын реттеу, оқушылардың жеке қызығушылығын бақылау, есепке алу журналы	Қыркүйек	Б. Тәке-Әлеумет.педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
18	«29 қазан – Қамқоршылар күні» іс-шара ұйымдастыру «Мейірім сәулесі» 3-7 сыныптар аралығында тренинг	Қазан	А. Тулебаева-ДТДЖО Г. Алпысбай – арн.маман Г. Әлсейтова-Психолог Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Мәлімет
19	Сынып жетекшілермен бірлесе әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға «Қайырымдылық» акциялар ұйымдастыру, бірлескен іс-шаралар жүргізу «Мейіріміміз сіздерге» жәрмеңке	Мерзімінде	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
20	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтік тұрмыс үй жағдайымен танысу, үй-тұрмыс актісін жүргізу	Қыркүйек Қаңтар	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет АКТ
21	Әлеуметтік мәртебеге не оқушыларға және киын және құқықбұзуға бейім оқушылардың отбасымен және тұрғын жайымен танысуға акт жүргізу	Қазан Ақпан	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет

22	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге не оқушылардың жазғы лагерьге баруын қамтамасыз ету	Мамыр	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
----	---	-------	--	---------

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

23	Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасының 2025-2026 жылға арналған кешенді жоспарының орындалу жұмыстарын ұйымдастыру.	Жоспар бойынша Үнемі	А. Тулебаева-ДТДЖО Б.Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
24	Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасының 2025 жылға арналған кешенді жоспарын іске асыру туралы мектеп сайтында жариялау	Жоспар бойынша Үнемі	А. Тулебаева -ДТДЖО Б.Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет

III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылар мен жеке-профилактикалық жұмыс

25	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру	Жоспар бойынша	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Мәлімет
26	Қолайсыз, мектепшілік, ЮПТБ есебінде тұрған оқушылармен жұмыс	Жоспар бойынша	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Мәлімет

IV. Педагогикалық ұжым мен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

27	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға «Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру	Ақпан	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әлсейтова-Психолог	Мәлімет
28	Оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу және кеңестер беру	Үнемі	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әлсейтова-Психолог	Мәлімет
29	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және қиын оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу	Жоспар бойынша	А. Тулебаева-ДТДЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әлсейтова-Психолог	Мәлімет
30	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге не оқушылардың	Желтоқсан Мамыр	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әли-Медбике	Мәлімет

	денсаулығын профилактикалық-медициналық бақылаудан өткізу			
31	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға «Дұрыс тамақтану қағидалары» тақырыбында мектеп оқушыларын түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Үнемі	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әли-Медбике	Мәлімет
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
32	Әлеуметтік қамқорлықтағы балалардың тұрғын-жайын жетілдіру актілерін жүргізу	Токсанына бір рет	А. Тулебаева-ДТІЖО Әлеуметтік педагог Г. Әлсетова-Психолог Сынып жетекшілер	Мәлімет
33	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	Жоспар бойынша	Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Мәлімет
34	Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау	Үнемі	Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
35	Жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру, сыйлықпен қамтамасыз ету «Жаңа жыл- Жаңа күн» мерекелік шара	Желтоқсан	Б. Тәке-Әлеумет. педагог А. Тулебаева-ДТІЖО	Мәлімет
36	Ата-аналар жиналыстарында насихат жұмыстарын жүргізу, есірткі, алкогольизм, токсикомания, шылым шегу т.б зиянды әдеттердің алдын алу мәселелерін талқылау «Жат қылықтан, жат әуестіктен сақтан- жас өрен!» кеңес беру	Жоспар бойынша	Б. Тәке-Әлеумет. педагог А. Тулебаева-ДТІЖО Г. Әлсейтова-Психолог	Мәлімет
37	Ата- аналарға әлеуметтік психологиялық көмек көрсету. Ата-аналармен жеке әңгіме өткізу	Қажет еткенде	А. Тулебаева-ДТІЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әлсейтова-Психолог	Мәлімет
38	15 мамыр-Отбасы күніне орай «Отбасы - бақыт мекенім» атты іс-шара марафонын ұйымдастыру	Мамыр	А. Тулебаева-ДТІЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог	Мәлімет

--

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

39	Оқушылардың әлеуметтік картасын толтыру, мектептің әлеуметтік картасын толтыру.	Қыркүйек	А. Тулебаева-ДТЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекші	Мәлімет
40	Жалпыға бірдей білім қоры және арендатор есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушыларға «Дұрыс тамақтану қағидалары» тақырыбында мектеп оқушыларын түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Қазан Ақпан	А. Тулебаева-ДТЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекші	Анықтама
41	5-6 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықтың қорғану және сенім телефоны» ақпараттық түсіндірме жұмыстары. Оқушылардан «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» атты эссе алу.	Қараша	А. Тулебаева-ДТЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Сынып жетекші	Анықтама
42	«Отбасы - ата - ана көзімен» сауалнама. Ата-аналардан онлайн сауалнама алу.	Желтоқсан	А. Тулебаева-ДТЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әлсейтова Психолог	Анықтама
43	7-8 сынып оқушыларының «Отбасы, қоғам және мен» атты диагностикалық сауалнама жүргізу.	Қаңтар	А. Тулебаева-ДТЖО Б. Тәке-Әлеумет. педагог Г. Әлсейтова-Психолог	Анықтама
44	«Зиянды гаджет немесе Кибербуллинг» атты тақырыпта ата-аналарға және оқушыларға жадынама тарату, түсіндірме жұмыстарын жүргізу. (3-11 сыныптар үшін)	Ақпан	Әлеуметтік педагог ДТЖО Психолог	Мәлімет
44	«Сыныптағы қарым-қатынас» атты «Жас ұлан» және мектептің өзін-өзі басқару ұйымдарымен жиын өткізу	Наурыз	Әлеуметтік педагог Психолог	Пікіралмасу
45	«Салауатты тамақтану» сауалнамасын жүргізу (тамақпен қамтылған оқушылар үшін)	Сәуір	Әлеуметтік педагог Психолог	Анықтама
45	«Бақытты балалық шақ» тренинг (11 сыныптар үшін)	Мамыр	Әлеуметтік педагог Психолог	Анықтама

46	«Барлық бала партада» атты тақырыпта сынып аралық рейд ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.	Айына 1 рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мәдениет, тәлімгер, педагог-психолог	Анықтама
----	--	----------------	---	----------

Әлеуметтік педагог:  — Б. Тәке

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

А.Садилов

Келісемін

Мектеп директорының тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары:

А.Түлебаева

№ 94 орта мектебінің әлеуметтік педагогы Б. Тәкенің қыркүйек айындағы жұмыс жоспары.

2025– 2026 оқу жылы

№	1	2	3	4	5
1 апта 1	Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарын құру, бекіту.	Әлеуметтік топтағы оқушылардың оқуға дайындығын бақылау, оқуға қажетті құрал-жабдықтарын анықтау. 1-4 сыныптар	Әлеуметті аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау	Мектеп оқушыларының әлеуметтік топтанасын жасау. Аз қамтылған отбасы балалар тізімі. 1-11 сыныптар.
2 апта 4-8	Көп балалы отбасы балалары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, үйде оқитын және мүгедек балалар, Қолайсыз отбасындағы балалар, өгей әкемен және өгей анамен тұратын балалар, толық емес отбасындағы балалардың тізімін жасақтау	Мектеп оқушыларының әлеуметтік топтанасын жасау. 1-11 сыныптар	1 - 4 сынып оқушыларының әлеуметтік картотекасын жасау 5 - 8 сынып оқушыларының әлеуметтік картотекасын жасау 9 - 11 сынып оқушыларының әлеуметтік картотекасын жасау	Әлеуметтік топтағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау. 1-11 сыныптар	Мектеп асханасының санитарлық тигенасын заң талаптарына сай назарда ұстау
3 апта 11-15	Оқушылардың толық білім алуына жағдай жасау және қадір қасиетіне қол сұғылмауын қадағалау	Барлық бала партада атты тақырыпта сынып аралық рейд ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру. 1-11 сыныптар	Әлеуметтік топтағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау. 1-11 сыныптар	Оқушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың жекелеген санаттарына сәйкес ата-аналардың өтініштерін қадағалау. 1-11 сыныптар	Әр сыныпқа әлеуметтік диагностикалық кестесін жасау
4 апта 18-22	Мектепшілік өсеуте тұратын қиын және құқықбұзуда бейім оқушылардың тұрғын жай әктін жүргізу, ата-аналарымен байланыста болу	Мектеп оқушыларының жалпы тазалығын және сынып тазалығын тексеру. 1-4 сыныптар	Оқушылардың толық білім алуына жағдай жасау және қадір қасиетіне қол сұғылмауын қадағалау	Сыныптардағы ата-аналар жиналысына қатысу	Мектеп асханасының санитарлық тигенасын заң талаптарына сай назарда ұстау
5 апта 25-29	Мемлекеттік мекемелерден келген хаттарға уақытында жауап беру	Әлеуметтік статустағы ата-аналарға берілетін жәрдемақы жөнінде ақпараттар беру	Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау	Мектеп оқушыларының жалпы тазалығын және сынып тазалығын тексеру	«Барлық бала партада» атты тақырыпта сынып аралық рейд ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру

Әлеуметтік педагог:

Б. Тәке

№ 94 орта мектептің әлеуметтік
педагогы Б. Тәкенің 2025-2026 оқу жылындағы
қыркүйек айында атқарған жұмыстарына

А н ы қ т а м а

Жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын құрып, бекіттірдім және әлеуметтік топтағы білім алушылардың оқуға дайындығын бақылап, кітапханашымен бірлесе отырып балалардың оқулықпен қамтылуын қадағалап, толық қамтуға тырыстық.

Сынып жетекшілерден сыныбындағы білім алушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөніндегі таратпа қағаздарды толтыру арқылы сыныптың әлеуметтік картасы толық жасакталып, мектептің білім алушыларының әлеуметтік картасы жасалып, аудандық білім бөліміне жолданды.

Нәтижесінде: барлық білім алушы-287, әлеуметтік топтағы оқушылар саны -186, аз қамтылған отбасылардағы балалар саны-61, мүмкіншілігі шектеулі балалар-10, көп балалы отбасынан шыққан балалар саны-96, толық емес отбасылар саны -13, оның ішінде бала саны-19, ата-анасының бірі қайтыс болған-8, ата -анасы ажырасқандар-8, /Ф-4/ некесіз туылған балалар-3, Өгей әкемен тұратын балалар жоқ, «Мектепке жол» акциясынан көмек алғандар саны-16, әлеуметтік көмек / киім/қаржылай және материалдық көмек алғандар -93

Бір мезгіл асханадан ыстық тамақпен қамтылған 1-4 сынып 159 ерекшелік бойынша -81 білім алушы, 163 ерекшелік бойынша 1-9 сынып білім алушылары -90, барлығы -171 білім алушы тамақтанады. Ата-аналар өтініштері ЕГОВ-қа тіркеліп, рұқсат алынды.

Асхананың талапқа сай жұмыс жасауын, тағамдардың сапалы берілуін және сақталуын қадағалап отыру үшін бракераждық комиссия құрылды, және айына екі рет өз тәртібін сақтай отырып ,тексеру жұмысы жасалып акт толтырылды.

Мемлекеттік мекемелерден келген қатынас хаттарға уақытында жауап берілді.

«Барлық бала партада » атты тақырыппен сыныптарға рейд жүргізіліп, сынып тазалығы мен білім алушылардың сабаққа қатысуын т.б қадағалап отырдым.

Әлеуметтік педагог:  - Б. Тәке

«Бекітемін»
Мектеп директоры:



А. Садилов

Келісемін
Мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары:

А. Тулбаева

№ 94 орта мектебінің әлеуметтік педагогы Б. Тәкенің қазан айындағы жұмыс жоспары.
2025– 2026 оқу жылы

№	1	2	3	4	5
1 апта 1-4	Денсаулығы төмен оқушыларды тіркеу, бақылауға алу. Ата-анасымен байланыста болу	Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау	5-11 сыныптарға «Сенім телефоны» туралы ақпараттандыру	Әр сыныпқа әлеуметтік диагностикалық кестесін жасау	Мемлекеттік мекемелерден келген хаттарға уақытында жауап беру
2 апта 7-11	Әлеуметтік статустары ата-аналарға берілетін жәрдемақы жөнінде ақпараттар беру	Қиын жағдайға тап болған немесе құрделі себеппен назарға алынған білім алушымен жедел жоспарлы жұмыс жүргізу	Мемлекеттік мекемелерден келген хаттарға уақытында жауап беру	Мемлекеттік мекемелерден келген хаттарға уақытында жауап беру	Мектеп асханасының санитарлық гигиенасын заң талаптарына сай назарда ұстау
3 апта 14-18	Мектеп оқушыларының жалпы тазалығын және сынып тазалығын тексеру	Сыныптардағы ата-аналар жиналысына қатысу	Ата-аналармен тығыз байланыс орнату	Ата-аналар тарапынан түскен ұсыныс-пікірлерді тіркеу, ата-аналар комитетімен бірге отырып шешу.	Мектеп оқушыларының жалпы тазалығын және сынып тазалығын тексеру
4 апта 21-24	«29 қазан – Қамқоршылар күні» іс-шара ұйымдастыру «Мейірім сәулесі» 3-7 сыныптар аралығында тренинг	Мемлекеттік мекемелерден келген хаттарға уақытында жауап беру	Сыныптардың тәрбие сағаттарына қатысу 1-4 сыныптар	Психологпен бірге әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың ортаға бейімділігін анықтау	«Барлық бала партада» атты тақырыпта сынып аралық рейд ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру

Әлеуметтік педагог Б. Тәке

жылында мектепте тамақтандыруды
ұйымдастыру және санитарлық
нормалардың сақталуы туралы
әлеуметтік педагог Б. Тәкенін

А н ы қ т а м а с ы

Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың денсаулығы мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Бала денсаулығы оның дұрыс тамақтануына, өмір сүру салтына, қоршаған ортаға тәуелді. Мектеп асханаларында санитарлық нормалардың сақталуы мен оқушыларды сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру – білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі.

Мектеп асханасының санитарлық-эпидемиологиялық қортындысы /№KZ67VWF00409941/ 22.08.2025ж. алынды.

2025-2026 оқу жылы мектеп асханасынан 159 және 163 ерекшеліктер бойынша 171 білім алушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Қызмет көрсетуші ДК «Матжанов» .

Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында «Шарт» жасалған. Шарт: 2025ж.31 желтоқсанына дейін әрекет етеді.

Шарттың жалпы сомасы 15 846 428тенге 00тның. ҚҚС-сыз / қосымша құн салығынсыз/

159 -қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша-
7 491 964 теңге. 00тның

163 -жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары ерекшелігі бойынша - 8 354 464 теңге.00тның.

Қазіргі таңда мектеп асханасы білім алушыларды ыстық тамақпен қамтуға дайын.

Санитарлық нормалардың сақталуы:

Қызметкерлер:

Асхана қызметкерлері арнайы санитарлық киім киіп, медициналық тексеруден өтіп, санитарлық кітапшалары болуы міндетті.

Тазалық:

Асхана бөлмелерінде тазалық жұмыстары жүйелі жүргізіледі: еден жуу, желдету, ыдыс-аяқтарды жуып-залалсыздандыру.

Температуралық режим:

Тағамдарды сақтау кезінде температуралық режимге қатаң мән беріледі: ет, сүт өнімдері тоңазытқышта, көкөністер арнайы қоймаларда сақталады.

Тамақтануды ұйымдастыру:

Мектептерде білім алушыларға арналған ас мәзірі аудандық білім бөлімінің басшысы бекіткен, төрт апталық ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылады.

Ас мәзірі:

Азық-түлік өнімдерінің ассортименті қауіпсіздік талаптарына және перспективалық ас мәзірге сәйкес болуы ескеріледі.

Құнарлылық:

Балаларға берілетін тағамдар құрамы ақуызға, дәрумендерге, минералдарға, көмірсуларға және майларға теңгерімді болуы қадағаланады.

Дамуға әсері:

Дұрыс тамақтану балалардың бойының өсуіне, есте сақтау қабілетінің артуына, шаршағыштықтың азаюына әсер етеді.

Мектептегі санитарлық мәдениет:

Балаларды асхана мәдениетіне тәрбиелеу де назардан тыс қалмайды. Асхана кезекшілігін ұйымдастыру.

Білім алушыларға ас ішер алдында қол жуу, асханада кезекпен тұру, тамақты дұрыс қолдану – әрбір оқушыға үйретіледі.

Қорытынды:

Мектептегі санитарлық нормалардың сақталуы мен оқушыларды сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру – білім беру мекемесінің басты міндеттерінің бірі. Дұрыс тамақтанған бала – дені сау, білімге құштар, белсенді оқушы.

Мектеп ұжымы, асхана қызметкерлері, ата-аналар және медициналық мамандар бірігіп жұмыс атқарғанда ғана оқушылардың денсаулығы сенімді қорғалады.

Санитарлық талаптарға сай жағдай жасау – жас ұрпақтың денсаулығын нығайтуға, олардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.